

10 наурыз,
Сәрсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОБЛЫС БАСШЫСЫНЫҢ ОҢ БАҒАСЫ ОЙЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІНІҢ КУӘСІ

ӨТКЕН СЕНБІ ОЙЫЛ АУДАНЫНА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨКІМІ ОНДАСЫН ОРАЗАЛИН АУДАНДАҒЫ АУЫЛДАРДЫҢ ДАМУЫМЕН, ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Өңір басшысы жұмыс сапары барысында ойылдықтардың қуанышына ортақ болды. Яғни, құрылысы былтыр басталып, бір жылға жетпейтін уақыт ішінде бой көтерген дене шынықтыру-сауықтыру кешені іске қосылды. Құны 392,6 млн. теңгенің құрылысын жүргізген «Сұңқар құрылыс LTD» ЖШС жұмысты бір жылда аяқтады.

Халықтың саулығы үшін салынған сәулетті кешеннің салтанатты ашылуында сөйлеген Оңдасын Сейілұлы өзінің ақжолтай тілегін мерекелік лебімен ұшастырды.

«Еліміздің Тәуелсіздік жылдары дене шынықтыру мен спорт та мемлекеттің айрықша назарында болды. «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» жүзеге асыру мақсатында өңірде спорт нысандары материалдық-техникалық базасын жаңартылып, жаңа үлгідегі кешендер бой көтеруде. Еліміздің Тәуелсіздігінің мерейтойы болатын жылы біз бірнеше дене шынықтыру-сауықтыру кешенін пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Солардың бірі бүгін ашылып жатыр», - деген Оңдасын Оразалин ойылдықтарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Құрылысты жүргізген «Сұңқар құрылыс LTD» ЖШС-і директорының орынбасары Тілек Сабырғазиев аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Қанат



Ермағамбетовке жаңа гимараттың символикалық кілтін тапсырды. Одан кейін облыс өкімі бастаған топ екі блоктан тұратын жаңа гимараттың жұмысымен танысты. Жаттығып жатқан жас волейболшылармен тілдескен облыс басшысы оларға доп сыйлап, өздерінің жаттығып жатқан доптарына қолтабасын қойды. Жер-

лестерінің қуанышына арнайы келген ардагер спорты жерлесіміз Елемес Шотанов дзюдо бөлімінде жаттығатын жас палуандарға спорттық киімдер тарту етті. Бұл спорт кешенінің біз үшін басты ерекшелігі бассейні. Жылдың кез-келген мезгілінде су спортымен айналысуға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенін қарап шыққан өңір басшысы тұрғызылып жатқан сегіз пәтерлі екі жалдамалы коммуналдық тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. Биыл күзде аяқталатын жобаның құны 161 млн. теңге. Бұл үйлерді тұрғын үй қорында кезекте тұрған аудан тұрғындары, халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобы алады. Облыс өкімі барған келесі нысан - шағын жылыжай. Жеке кәсіпкер Сапура Мырзағалиева облыс өкіміне өз ісін мемлекеттік қолдауды пайдалана отыра асқанын айтты. Ол жылыжайды ашу үшін «Кәсіпкер» бағдарламасы бойынша 5 млн. теңге көлемінде жеңілдетілген несиені алған. Былтырдан бері жылыжайда қызанақ, қияр, асқек, салат жапырағы мен Бейжің орамжапырағы өсіріледі.

Оңдасын Оразалин сондай-ақ, жол құрылысы саласының алдағы жылға жоспарымен танысты. Осы жылы Ойыл ауылдық округінің алты кешесіне 132,8 млн. теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Ш.Берсиев ауылындағы екі көше, Қараой, Сарбие ауылдық округтеріндегі тағы жеті көше жөнделмек.

«САРҚЫЛМАЙТЫН ЖЫЛЫЛЫҚ, АНА АТЫ – ҰЛЫЛЫҚ»

АНА – ӨМІРДІҢ ГҮЛІ, КӨҢІЛДІҢ ЖЫРЫ, ӨР ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІНГЕП. ТЫНЫМСЫЗ ТІРШІЛІК ПЕН КЕҢ ДҮНИЕНІҢ ӨЗІ ТЕК АНАЛАРМЕН АЖАРЛЫ. АНАЛАРҒА ДЕГЕН ЫСТЫҚ СЕЗІМ, АЛҒЫС ПЕН ҚҰРМЕТ ЕШҚАШАН СӨНБЕК ЕМЕС.



Осы орайда жадыраған көктемнің шымылдығын түрген аналар мерекесі ауданымызда биыл да кең көлемде аталып өтті. Санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілген «Сарқылмайтын жылылық, Ана аты – ұлылық» атты салтанатты шара кезінде аналарға сый-құрмет көрсетілді. Нәзік жандыларға арналған мерекелік шараға аудан өкімі Асқар Қазыбаев қатысып, барша ақ жаулықты аналар мен ару қыздарды Халықаралық өлеңдер күнімен құттықтап, «Алтын», «Күміс» алқа иегерлеріне медальдарын табыстады. Тарқатып айтсақ, Света Шотанова «Алтын алқамен», Нүргүл Әубәкірова «Күміс алқамен» наградталды. Сонымен қатар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлестерін қосып жүрген жандарға алғыс білдіріп, арнайы

марапаттады. Өрі қарай, аудандық мәдениет үйінің өнерпазы Алтынбек Шотов «Шімен» өженің ролін сомдады. Ол өртістік шеберлігімен сомдаған өзілдері арқылы барша жиылған аналарды күлкіге қарық қылды. Сонымен қатар аудандық музыка мектебінің оқушылар орындаған «Родная мама» өні көпшіліктің көңілінен шығып, айрықша ыстық-ықыласқа бөленді. Сондай-ақ кіп-кішкене болса да өнерге талабы таудай Даяна анасы Бұлбұл Шәутеновамен бірге өн шырқап көпшіліктің қолдауына ие болды. Шауқты мерекеге үлкен дайындықпен шыққан аудан өнерпаздары аналардың құрметіне есем өн мен мың бұралған биден шашу шашты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



КӘСІПКЕРДІ ҚОЛДАУ МАМАНДАР КӘСІПТІ КЕҢІТУ МЕН ДАМУЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫНА ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК БАСҚАРМАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ КЕЛІП, АУДАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ. АУДАНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БИЗНЕСКЕ КӨРСЕТІЛТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРТТАРЫН ТҮСІНДІРУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ – НАСИХАТ ТОБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА КӘСІПКЕРЛЕРМЕН ҚАТАР МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСЫП САУАЛДАРЫН ҚОЙДЫ.



Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

Алғаш болып сөз алған облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Нұрхан Тілеумұратов жалпы облыстағы кәсіпкерлерді қолдау бағытындағы жұмыстарға шолу жасады. Кездесу барысында облыстағы қаржы институттарының мамандары мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлерге берілетін несиені шарттары мен келіпді көмектер туралы жан-жақты түсінік берді.

Одан кейін аудандық мәдениет үйінің фойесінде сала мамандарының азаматтарды жеке сауалдары бойынша қабылдау өткізді. Негізінен тұрғындарды келіпсіз несиені, қайтарымсыз гранттар алу, жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу мәселелері толғандырады.

Ойыл ауданында банктердің филиалдары жоқ, алайда Халық банкінің

өкілі Н.Көпенова тұрғындарға кеңес беріп, сондай-ақ ауданның қазіргі кәсіпкерлері тек жеке кәсіпкерлік бойынша Халық банктің Қобда ауданындағы филиалы арқылы 5 млн. теңгеге дейін портфельдік кредиттер алуға болатындығын түсіндірді.

Жұмыс тобының мамандары сапары барысында «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында несиені алған жеке кәсіпкер С.Мырзағалиеваның «Жылыжай» және осы бағдарламаның арқасында халыққа қызмет етіп жатқан «Береке» кафеінің қызметімен танысып, аудандағы демеушілікпен салынған «Саз мектебінде» жастармен кездесіп, кеңес берді.

С. ХАМЗИН.




Ойыл 100 Жылы

ҚҰЖАТТАР СӨЙЛЕЙДІ

Жақсы сақталған құжат, жазуы анық, сиясы қанық... 1920 жылы 9 ауылдың «Келбатыр» (Қайындының маңында болу керек) елді мекенінде ауылсоветтің төрағасын сайлауға қатынасқан депутаттар (яғни елдің бетке ұстар

азаматтары). Және де осы хаттаманы әрі қарай тіркеуге қолтаңбасымен жолдама беріп отырған Джетібай Құбышев (Жетібай Құбышев), алаш қайраткері. Ақтөбе қаласында тұратын Салықжан Бегімбетов (1936ж.)

ақсақалдың естігені бойынша Жетібай Құбышев сол 9 ауылдың тумасы, сауатты, елдің шаруашылықтарында басшылық міндетін атқарып жақсылығымен ел аузында қалған. Нұрлан Жұмағалиев.



Құжаттар Қобда ауданының мұрағатынан алынды. Жарияланып отырған деректі мөлiметтерге ой қосып отырайық, ағайын.


Нұрлан ЖҰМАҒАЛИЕВ.

1921 жылғы қыстың қатаңдығынан 70% мал басы қырылып, жаздың қуаңшылығынан 80% егіс күйіп, бұрын-соңды болмаған аштыққа, мыңдаған адамның өліміне, халықтың елден бөзіп бытырауына әкеліп соқтырды.


Сыртқы мемлекеттердің қыспағында отырған, өлі аяғына турмаған жас үкіметке күнкөріс мәселесі оңайға түспеді. Келер көктемге егіс тұқымын табуға, оны сатып алуға тегін қаражат көзінің бірі деп, ол кезде бай, іші

алтынмен жабдықталған, орыс шіркеулерін экспроприациялауға мәжбүр болды.

Мына құжат орталық атқару комитетінің, М. Калининнің қолы қойылған, 10.11.1922 жылғы қаулысынан үзінді.



Сол кездегі келесі құжатта аудандық атқару комитеті өзінің съезін «Қаңбақты сай» (қазіргі Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі, Қараталдан 20 шақырымдай жерде) елді мекенінде орналасқан Нөкеш мешітінде өткізуге делегаттарын шақырады.



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» «ОЙЫЛ АУДАНЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ» БАСШЫСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

04.03.2021 жыл

№ПГСВ-1

Ойыл ауданы тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын-алу жөніндегі шараларды күшейту туралы

Ойыл ауданының тұрғындары арасында covid-19 коронавирустық инфекциясының (будан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу, сондай-ақ Ойыл ауданының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабының 3 және 4 тармақтарын, «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №68 қаулысының 2 тармағы 2) тармақшасын басшылыққа алып, ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

- 1. Ойыл ауданының әкіміне: әр түрлі ұжымдық іс-шаралардың (салтанатты - банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, т.с., еске алу т.с.), оның ішінде үйде өткізілуіне жол берілмеуін және аудан аумағында мониторингтік топтардың жұмысын күшейтуді. 1.1. келесі объектілерге қатысты шектеу шараларын күшейту: 1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 19 қосымшасындағы талаптарын сақтай отырып топты 15 адамнан артық топтырмаған кезде, алдын-ала жазылу бойынша балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының; 2) Медициналық орталықтардың, кабинеттердің, стоматологиялардың алдын-ала жазылу бойынша; 3) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 1 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, банкетердің, халыққа қызмет көрсету орталықтарының, «Қазпочта» АҚ бөлімшесінің жұмыс уақытын сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін шектей отырып; 4) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің

- 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 19 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, мектепке дейінгі мекемелерінде кезекші топтар 20 адамнан аспайтын топтарды жинақтау; 5) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 1 қосымшасына сәйкес, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялар, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ көсікерлік субъектілерінің (бұл ретте қызметкерлердің кемінде 60%-ы қашықтықтан жұмыс жасауда қалады); 6) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 21 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда) толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан аспайтын сағат 07.00-ден 24.00-ге дейін жұмыс істеу; 7) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 5 желтоқсанындағы №67 қаулысының 5 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, объектіде 1 келушіге 4 шаршы метр сақтаған кезде демалыс күнінен басқа жұмыс күндері ішкі төртпікке сәйкес жабық (азық-түлік және азық-түлік емес) базарларының; 8) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 5 желтоқсанындағы №67 қаулысының 5 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, объектіде 1 келушіге 4 шаршы метр сақтаған кезде демалыс күнінен басқа жұмыс күндері ішкі төртпікке сәйкес сауда

- үйлерінің, сауда желілерінің; 10) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 5 желтоқсанындағы №67 қаулысының 9 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, мәдениет объектілерінің (30 адамнан аспайтын орындар); 11) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 5 желтоқсанындағы №67 қаулысының 16 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып, демалыстан басқа жұмыс күндері алдын-ала жазылу арқылы бассейндердің (1 келушіге 5 ш.м. су беті есебінен); 2. Ойыл ауданының әкімі, өнеркәсіптік және өндірістік кәсіпорындардың басшылары Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дөгерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 25, 28-қосымшаларындағы талаптарды сақтауын бақылауды қамтамасыз етсін. 3. Ойыл ауданының әкімі, Ойыл аудандық ауруханасының бас дөгеріне аудандағы денсаулық сақтау объектілерінің кіре берісінде тиісті көрсеткіштермен жабдықтай отырып ЖРВИ, ТОРИ, тұмау және COVID-19 белгілеріне күдікті барлық тұлғаларды «фильтр» арқылы қабылдауды, медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілеріне кіретін адамдардың дене температурасын өлшеуді, стационардың қабылдау бөлімінде пациенттердің күнделікті ағын хирургиялық және терапиялық бейіндер бойынша бөлек қабылдауды және күшейтілген дезинфекциялық режимді қатаң сақтауды қамтамасыз етсін. 4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын. 5. Осы қаулы күл қойылған күнінен бастап қолына енеді. Ойыл ауданының Бас Мемлекеттік санитариялық дөгері F.А. Құбаев

ПОСТАНОВЛЕНИЕ ГЛАВНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО САНИТАРНОГО ВРАЧА, РУКОВОДИТЕЛЯ «УПРАВЛЕНИЕ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ УЙЛСКОГО РАЙОНА» «ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ АКТИВНОВСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

№ПГСВ-1

Село Уил

«Об усилении мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Уилского района»

В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 (далее – COVID-19) среди населения Уилского района, а также сложившейся эпидемиологической обстановки на территории Уилского района, руководствуясь пунктами 3 и 4 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» и подпункта 2) пункта 2 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан «Об ограничительных карантинных мерах и поэтапном их смягчении» №68 от 25 декабря 2020 года, ПОСТАНОВЛЯЮ: 1. Аким Уилского района: не допускать проведения различных коллективных мероприятий (торжеств-банкетов, свадоб, юбилеев и т.п.; памятных и т.п.), в том числе на дому и усилению работы мониторинговых групп на территории района. 1.1. усилить ограничительные меры в отношении следующих объектов: 1) детских кабинетов коррекции, детских и взрослых образовательных центров при заполняемости группы не более 15 человек, по предварительной записи с соблюдением требований приложения 19 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года; 2) медицинских центров, кабинетов, стоматологии по предварительной записи; 3) банков, ЦОН, отделения АО «Казпочта» с ограничением по времени с 09.00 часов до 18.00 часов, с соблюдением требований приложения 1 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 4) дежурных групп дошкольных учреждений при соблюдении комплектации групп не более 20 человек с

соблюдением требований приложения 19 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 5) государственных органов (организаций, предприятий), органов квазигосударственного сектора, национальных кампаний, иных организаций, а также субъектов предпринимательства с соблюдением требований приложения 1 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан № 67 от 25 декабря 2020 года (при этом не менее 60% сотрудников остаются на дистанционной форме работы); 6) религиозных объектов без проведения коллективных мероприятий, с соблюдением требований приложения 20 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 7) объектов общественного питания (в помещении) с разрешением работы с 7 до 24 часов при заполняемости до 50%, но не более 50 мест, с соблюдением требований приложения 21 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 8) крытых рынков (продуктовых и непродуктовых) в будние дни кроме воскресенья, согласно внутреннего распорядка, при соблюдении заполняемости не менее 4 кв.м на одного посетителя и требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 9) торговых домов, торговых сетей в будние дни кроме воскресенья, согласно внутреннего распорядка, при соблюдении заполняемости не менее 4 кв.м на одного посетителя и требований приложения 5 постановления Главного Государственного санитарного

врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 10) объектов культуры (репетиции с участием не более 30 человек), с соблюдением требований приложения 9 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 11) бассейнов (не менее 5 кв.м зеркала воды на 1 посетителя), предварительная запись в будние дни, кроме воскресенья, с соблюдением требований приложения 16 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года; 2. Аким Уилского района, руководителям промышленных и производственных предприятий обеспечить контроль за соблюдением требований приложения 25, 28 постановления Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года. 3. Аким Уилского района, главному врачу Уилской районной больничцы обеспечить контроль температуры тела посетителей на входе ПМСП, в приемном покое стационара провести распределение ежедневного потока пациентов отделению по хирургическому и терапевтическому профилю, на объектах здравоохранения района всех лиц с подозрением на ОРВИ, грипп и симптомами COVID-19 принимать через «фильтр» и строгое соблюдение усиленного дезинфекционного режима. 4. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой. 5. Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания. Главный Государственный санитарный врач Уилского района Күбаев Г.А.

СЕРІКБОЛ – АЗАМАТ!



Биылғы қыс мезгілі мал баққан шаруаларға оңай болмай тұр. Өйткені, қылышын сүйретпелі желтоқсанда жетіп келген «көрі құда» кетуге асығар емес. Бұған дейінгі жылдары осы уақытта малдарды өріске шығып кететін аялдарда шөптің мәселесі, көпті күйзеліні жіберді. Себебі шөптің бағасы шаршытап тұр. Былтырғы бағадан екі есе өсті. Бір тәуекел, 600-800 теңге аралығында болса, бұрынғыдай қамаз-қамаз шөппен Ақтау асатындар сиреп қалды. Өйткені, біріншіден жол жоқ, тиетін шөп те жоқ, оның үстіне алысқа бармай-ақ өзімізде де шөп іздеп жүргендер бағаға қарап жатқан жоқ. Қараған күннің өзінде оған кім құлақ аспақ? Керісінше басқа аудандан арзан бағамен алып келіп, пайда көріп жатқандар қаншама десеңші! Міне дәл осындай сөтте жас кәсіпкер Серікбол Төлеуов жерлеріне үлкен көмек көрсетті. Өзінің мал азығы қорынан 90 рундодан арнайы ауылна, Келтоғай ауылдық округіне қарасты Амангелдіге апарып арзан бағамен

үлестіріп берді. Тіпті кейбір жағдайы төмен, тек малмен күнеліп отырған жандарға тегін тартты. Осындай игі іске ұйытқы болған Серікбол ауылдас-тарының алғысын алды. Қызылтай аяқтат малдарын шөптен қысып отырған жандар бір рундодан 3500 теңгеден сатып алды. Бұл мал азығын дайындап жатқан науқан кезіндегі бағадан қымбат емес. Біз осындай көпке үлгі болған жас кәсіпкермен тілдесу барысында ол: «Менің мұндай іске мұрындық болған себебім ел-жұртымыздың алдындағы перзенттік борышымы деп есептеймін. Ауылға апарған рундодарды түгелдей тегін беру ойымда болды. Ал, қойылған баға тек шөпті жеткізуге кететін шығынды ғана өтеді. Мен ешқандай пайда ойлаған жоқпын. Өйткені ауылдастарым қыстың қытымыр мінезін малдарын аман алып шығуы үшін жікшентай болса да үлесімді қосқым келді», - дейді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

Ойыл ауданында Тәуелсіздік жылдарында іргесі қаланған алғашқы ғимараттарының қатарында аудандық аурухана да бар. «100 мектеп және 100 аурухана» бағдарламасы аясында бой көтерді. 2012-2020 жылдар аралығында 262 105 020 теңгеге медициналық құрал-жабдықтар және 11 санитарлық автотранспорт сатып алынды.



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ – ТАРИХИ ТҮЛҒА



Әлихан бүкіл Ресей империясының кеңістігіндегі ықпалды - беделді саясаткер, қоғам қайраткері санатына көтерілді. Қазақ зиялыларының серкесі Әлиханның ұсынған «Алаш» идеологиясы, қазақтың ұлттық қозғалысының «Алаш» атауының мән-мағынасын қарастырсақ, «Алаш» этнонимі-қазақ зиялыларының XX ғасырдың басындағы қозғалысының ең басты уағыздамасына (идеологиясына) және бүкіл қазақ ру - ұлыстарының өздерін біртұтас ұлт ретінде сезініп, бірігуіне ұйытқы болған ұлттық ұраны болатын. Оны «Қазақтар» деген очеркінен Ө.Бөкейханов дәл нұсқап көрсетті: «Әрбір қазақ руы бір кезде өмір сүрген атақты өкілінің есімін ескеріп ұран етіп алған. Аты аңызға айналған Алаш атасының есімі қазақтардың сондай ұранына айналды. XVII ғасырда қазақ даласында қазақтар Абылай ханды ерекше пір тұтты. Орта жүзде (Семей мен Ақмолада облыстарында) оның есімі ескеріп ұранға айналды. Рудың ұраны көтерілгенде үйінде бұғып қалу-сол адамға жағалған ең зор қара таңба болып саналады, сондай таңбасы бар кісіге ешбір намысқой қазақ қызын бермейді». Яғни, қазақтың іштей ру тайпаға өлі бөлінбеген көне дәуірден келе жатқан аңызына сөйкес, бүкіл қазақ Алаша ханнан немесе Алты Алаштан тараған, шыққан тегі, түп - тамыры бір болып саналады. Оны ешбір қазақ, ешқандай ру жоққа шығармайды. Әлихан Бөкейхановтың осындай идеологияны ұлттық қайта өрлеу мен дамуының ұраны етіп ұстануы, шындығында да, үлкен тапқырлық өрі көрегенді болды. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «Отан кісісі» мағынасында. Демек, «Алаш» ұранының түпкілікті де ең басты мәнін Әлихан «Отан кісісі» немесе «Өз елінің патриоты» деп

ТАНЫМДЫҚ КЕШТІҢ АРҚАУЫ - ЖЫР АЛЫБЫ



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі «Ата – жұрттың шежіресі киелі де, кастерлі» атты тарих заңында Ұлы ақын, жырау, жырыш Жамбыл Жабаевтың туғанына-175жыл толуына орай офлайн түрінде «Тарихтың мәңгілік тұлғасы» атты тарихи – танымдық шара ұйымдастырылды. Шарада Ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың өмірбаяны, ақын ретінде таныла бастауына арналған деректі фильмдер көрсетіле отырып, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия мен Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің оқушылары Жамбыл Жабаевтың шығармашылығынан үзінді қойылымы мен арнауларын тарту етті. Мәдени шараға келген Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның 8 сыныбы мен Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің өлкетану үйірмесінің 6-7 сынып оқушыларына «Ұлы ақын, жырау, жырыш Жамбыл Жабаевтың туғанына-175жыл» атты тақырыптық көрмесі таныстырылды.

КЕЗДЕСУ АНАЛАР КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Аудан аумағындағы кез-келген шарадан тыс қалмайтын Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның ұстаздарының қатысуымен «Ана махаббаты» атты мәдени шараға ұйытқы болды.

Шара барысында ана ұғымы туралы тарихи деректер мен бейнероликтер көрсетіле отырып, Ана – отбасы ұғымында – балалы әйел, туған шеше ретінде қарамай ана дүниенің тірегі, махаббаттың асыл нұры, өмір деген алтын сарай есігінің күміс кілті - ана махаббаты екені жан-жақты деректермен жеткізілді. Сонымен қатар музей фойесінде жасақталған «Өмірдің иесі сен, газиз Ана!» тақырыбында көрме келуші қонақтарға жан – жақты таныстырылды.

Дулат ИСАБАЕВ, музейдің ғылыми қызметкері.

МАҚТАУҒА ЛАЙЫҚТЫ ЖЕҢІСТЕР

Жуырда «Ғылым, білім және технология» - атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына Ойыл ауданы атынан Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 5 «А» класс оқушылары, жас археологтарымыз Бекәділ Қаржау мен Бақыт Аманжолова қатысқан болатын. Конференция Шымкент қаласында интернет арқылы қашықтықтан өтті. Оқушылар өз туған өлкесінің тарихын таныту мақсатында Ойыл ауданына қатысты деректерді жинақтады. Нәтижесінде Бекәділ Қаржау Ойыл ауданының тарихи-мәдени мұрасына қатысты ғылыми жобасын ұсынса, Бақыт Аманжолова археология саласынан маңызды орын алатын Қаратаалдағы «Қаздыарал» тұрағына қатысты ғылыми зерттеуін ұсынды. Алғашқы зерттеудегі еңбектері анықталып Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында үздік атанып, Бекәділ мен Бақыт екеуі «I дәрежелі» дипломдармен марапатталды. Жоғары дәрежедегі жеңімпаздарды дайындағаны үшін жетекшісі Медет Құлмұқанов та мақтау қағазға ие болды. Сонымен қатар жаңа құрам сабақтарды меңгеру барысында алғашқы жас археологтарымыз әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысу жолында көп тәжірибе жинақтаған болатын. Соған сөйкес, «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен 2021 жылғы 17 ақпанда жалпы білім беретін мектеп оқушыларының арасында өскелең ұрпақты өңірдегі мақтан тұтатын тұлғалар туралы зерттеу нәтижесінде тың мөлiмeттер алып, оны көпшiлiкке таныту және отанышылдыққа баулу мақсатында «Шежірелi өлкемнiң тарландары» тақырыбында облыстық зерттеу шығармалары мен мақала байқауы қашықтан өткізілді. Байқауға аудан, қала, облыстық білім беру ұйымдарынан 180-ге жуық оқушының жұмысы ұсынылды. Байқау нәтижесі бойынша үздіктер анықталды. Жеңімпаздар ішінде жас археологтарымыз Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының дарынды оқушысы Жасұлдан Мұхамбетқалиев оза шауып жүрделі 2-орынды иемденіп, жоғары деңгей көрсетті.

Дәрігерлерге рахмет!

Еліміздегі пандемия жайлаған қазіргідей қиын заманда адам жанының арашасы дәрігерлердің еңбегі орасан зор. Біздің ауданымыздың дәрігерлері де үлес қосуда. Соның ішінде дәрігер-терапевт Жанат Қазықызына ризашылығымыз білдіріміз келеді. Мен өзім зейнеткер, көпбалалы анамын. Үлкен кісі болғасын өр жеріміз ауырады. Жанаттың қабылдауына барғанда өте жылы қабылдап, емін берді. Дәрігер бірінші дәрімен, екінші сөзімен емдейді дейді қой. Сол рас. Жанатта сондай, бірнеше рет үйге де келіп қарап кетті. Немерем ауырып оғанда үйге келіп көмегін берді. Сөзімді қорыта келе Жанаттай дәрігерлер көбейе берсін. Жанаттың еңбегі жана берсін деп алғысымды айтамын.

Көп балалы ана: Несібелі КЛУПОВА.

МҰҒАЛІМДЕР МЕН ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ ВАКЦИНА САЛЫНА БАСТАДЫ

Ақтөбеде медицина қызметкерлерімен бірге мұғалімдер де вакцина қабылдай бастады. Кеше облыстық білім басқармасының басшысы Жолдас Батырхан екпе салдырды. «Алдыңмен медицина саласының қызметкерлері қабылдады. Кері есеп болмады, бәрінің жағдайы жақсы. Кезек бізге келді. Мен өзім бірінші болып вакцина қабылдадым. Денсаулығым жақсы, алғашқы сөтте вакцина-ның жағымсыз өсері байқалмады. Бір ескерте терлік жайт, ешкімді мәжбүрлемейміз. Өріптестерімің арасында бас тартқандар болмады», - деді Жолдас Батырхан. Ал кеше вакцинациялаудың екінші кезеңі басталды. Ақ халаттылармен бірге мұғалімдер және полиция қызметкерлері де екпе ала бастады.

СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚТАНАЙЫҚ!



Су тасқыны – бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық шығынға, адамдар мен жануарлардың опат болуына өкеліп соқтырады. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін.

Жоғарыдағы көрсетілгендей су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында 2020 жылдың 21 қыркүйегінде Ойыл аудан әкімінің №152 қаулысымен су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі аудандық комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Көктемгі су тасуға қалай дайындалу керек! Егер де Сіздің аумағыңыз су тасу қаупі бар аймақта болса, су басу мүмкін жерлердің шекарасын, сондай-ақ тұрғылықты жеріңізге жақын тұрған деңгестеу сирек су басатын жерлерді, оған баратын ең қысқа жолды зерделеп, еске сақтаңыз. Су басу аумағынан көшу кезінде алып шығатын арнайы чехолдан немесе рюкзакқа құжаттарды, қажетті жылы киім, азық-түлік қорын, су және дәрі-дәрмектерді алдын-ала дайындап қойыңыз. Көшірлудің басталуы және төртінші туралы телетрансляциялық желі арқылы және кез келген байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады. Көшіруден бұрын, барлық азаматтар өз үйлерін қорғау бойынша жұмыстар жүргізу керек, атап айтқанда электрқұрылыс, су, газ құбырларын өшіру қажет. Су басу кезінде өрбір азамат өзін-өзі ұстап, көмек дер кезінде келетініне сеніп, құтқарушылардың талаптарын қатаң орындауы тиіс. Ауданымыздың өрбір тұрғынына су тасқынынан түрлі зардаптар келмесе үшін, сақтық шараларын орындау - кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Зейнетақы төлемін есептеудің ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ

2021 жылдың 1 сәуірінен бастап БЖЗҚ-дан ай сайынғы төлемді есептеуді жүзеге асыру әдістемесі өзгереді. БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен (Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне 2-қосымша) ережелеріне сөйкес есептелген зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасының он екі есе бір бөлігі ретінде айқындалады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкірі деңгейінің 70% кем емес мөлшерде жүзеге асырылады. (Бұрын БЖЗҚ-дан ай сайынғы зейнетақы төлемі ең төменгі күнкірі деңгейінің 54% кем емес мөлшерде жүзеге асырылған болатын). Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесіне сөйкес 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы төлемдерін жүзеге асырудың бірінші жылындағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомасының зейнетақы жинақтары төлемдерінің мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болады – 6,5 %. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері өткен жылы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін зейнетақы төлемдерін индекс-теу мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептелетін болады – 5%. Мысал келтірейік: ЗЖ сомасы = 6 000 000 теңге. Бірінші жылдағы зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы: 6 000 000*6,5%=390 000 теңге; Бірінші жылдағы ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 390 000/12 ай=32 500 теңге; Екінші жылға арналған ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері: 32 500+32 500*5%=34 125 теңге. Бұдан басқа, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру Әдістемесінде белгілі бір санаттарға жататын, яғни мерзімсіз